талаптарын қамтитын шартты (бұдан әрі – талап ету құқығын беру шарты) жасау кезінде Қарыз алушыға (немесе оның уәкілетті өкіліне) төмендегіні хабарлауға: ✓ талап ету құқығын беру шарты жасалғанға дейін құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай құқық беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерін Шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ Ақпараттандыру нысандары арқылы немесе Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін басқа тәсілмен өңдеу туралы; ✓ талап ету құқығын беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде банктік қарызды үшінші тұлғаға өтеу бойынша осыдан кейінгі төлемдердің тағайындалуын (шарт бойынша құқық (талап) берілген тұлғаның атауы мен орналасқан жері), берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сондай-ақ Негізгі борыштың, Сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) және төленуге жататын басқа мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдықтарын көрсете отырып, Шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ Ақпараттандыру нысандары арқылы немесе Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін басқа тәсілмен құқықтың (талаптың) үшінші тұлғаға берілгені туралы. 3.2.7. Қарыз алушыға Шартта көзделген мерзімдерде және тәсілмен, сондай-ақ Ақпараттандыру нысандары арқылы, бірақ Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей төмендегілер туралы хабарлауға: ✓ хабарламада көрсетілген күнге сәйкес мерзімі өткен Берешектің мөлшерін көрсете отырып, Шарт бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімі өткізудің туындауы және Шарт бойынша төлемдер енгізу қажеттілігі туралы;	(требования) Банка по Договору третьему лицу (далее – договор уступки права требования), уведомить Заемщика (или его уполномоченного представителя): ✓ до заключения договора уступки права требования о возможности перехода прав (требований) третьему лицу, а также об обработке персональных данных Заемщика в связи с такой уступкой способом, предусмотренным в Договоре, а также через Объекты информатизации либо иным не противоречащим законодательству Республики Казахстан способом; ✓ о состоявшемся переходе права (требования) третьему лицу способом, предусмотренным в Договоре, а также через объекты информатизации либо иным не противоречащим законодательству Республики Казахстан способом, в течение 30 (тридцати) календарных дней со дня заключения договора уступки права требования с указанием назначения дальнейших платежей по погашению банковского займа третьему лицу (наименование и место нахождения лица, которому перешло право (требование) по договору), полного объема переданных прав (требований), а также остатков просроченных и текущих сумм Основного долга, Вознаграждения, комиссий, неустойки (штрафа, пени) и других подлежащих уплате сумм. 3.2.7. Уведомить Заемщика в сроки и способом, предусмотренными Договором, а также через Объекты информатизации, но не позднее 10 (десять) календарных дней с даты наступления просрочки исполнения обязательств по Договору о: ✓ возникновении просрочки по исполнению обязательства по Договору и необходимости внесения платежей по Договору с указанием размера просроченной Задолженности на дату, указанную в уведомлении;
---	--

✓ Қарыз алушының Шартқа өзгерістерді енгізу туралы ұсынысымен Банкке жүгіну құқығы туралы; ✓ Қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы; ✓ Банктің қалауы бойынша басқа деректер туралы. 3.2.8. Қарыз алушының Шарттың 2.1.9-тармағында көзделген өтінішін алғаннан кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарауға және жазбаша нысанда, сондай-ақ Ақпараттандыру нысандары арқылы немесе Шартта көзделген тәсілмен Қарыз алушыға төмендегілер туралы хабарлауға: ✓ Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістермен келіскені туралы; ✓ Шарт талаптарын өзгерту бойынша Банктің ұсыныстары туралы; ✓ осындай бас тарту себептерінің дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Шарт талаптарын өзгертуден бас тартқаны туралы. 3.2.9. Шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге түрлерін ұстаусыз Қарыз алушыдан Қарызды қабылдауға; 3.2.10. Төмендегілерге жататын Қарыз алушымен Шарттың талаптарына өзгертулерді енгізу туралы өтінішті берілу кезінде Шарт бойынша комиссияларды және басқа төлемдерді төлеу талабысыз Шарт бойынша ай сайынғы төлемді Шартпен белгіленген мөлшерден 50% (елу пайыздан) кем емес мөлшерге азайтуға және (немесе) негізгі борыш және (немесе) Сыйақы бойынша төлем жасау мерзімдерін кемінде 3 (үш) ай мерзімге шегеруге қатысты Шарттың талаптарына өзгертулерді енгізуге: - «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына жататын; - төтенше жағдайдың енгізілуі үшін негіз болған жағдайлар нәтижесінде зардап шеккен.	✓ праве заемщика обратиться в Банк с предложением о внесении изменений в Договор; ✓ последствиях невыполнения Заемщиком своих обязательств по Договору; ✓ иные сведения по усмотрению Банка. 3.2.8. В течение 15 (пятнадцати) календарных дней после получения заявления Заемщика, предусмотренного пунктом 2.1.9. Договора, рассмотреть предложенные изменения в условия Договора и в письменной форме, а также через Объекты информатизации либо способом, предусмотренным Договором, сообщает Заемщику о (об): ✓ согласии с предложенными изменениями в условия Договора; ✓ своих предложениях по изменению условий Договора; ✓ отказе в изменении условий Договора с указанием мотивированных обоснований причин такого отказа. 3.2.9. Принять Заем в течение 14 (четырнадцать) календарных дней с даты заключения Договора у Заемщика без удержания неустойки или иных видов штрафных санкций за возврат. 3.2.10. Внести изменения в условия Договора об уменьшении ежемесячного платежа по Договору не менее чем на 50% (пятьдесят процентов) от размера, установленного Договором, и (или) отсрочки платежей по основному долгу и (или) Вознаграждению на срок не менее 3 (трех) месяцев без требования выплаты комиссий и иных платежей по Договору при подаче заявления о внесении изменений в условия Договора, Заемщиком: - относящимся к социально уязвимым слоям населения в соответствии с Законом Республики Казахстан «О жилищных отношениях»; - пострадавшим в результате обстоятельств, послуживших основанием для введения чрезвычайного положения. Решение о согласии с предложенными изменениями в условия Договора
--	---

Шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы шешім Қарыз алушы өтінішпен жүгінген айдың алдындағы екі ай үшін есептелген Қарыз алушының орташа айлық табысы Қарыз алушы өтінішпен жүгінген айдың алдындағы он екі ай үшін есептелген орташа айлық табысымен салыстырғанда отыз пайыздан астам төмендеген не атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған жағдайда қабылданады. 3.3. Банктің төмендегілерге құқығы жоқ: 3.3.1. Осы Шарт шеңберінде комиссиялардың жаңа түрлерін және өзге төлемдерді біржақты тәртіппен енгізуге. 3.3.2. Егер Негізгі борышты немесе Сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне түссе және Сыйақы немесе Негізгі борыш төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізілген жағдайда, тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге түрлерін алуға. 3.3.3. Қарыз алушыға өмірі мен денсаулығын сақтандыру міндетін жүктеуге. 3.3.4. Шарт жасалған күні белгіленген Қарызға қызмет көрсету бойынша комиссиялар мен өзге төлемдерді есептеу мөлшері мен тәртібін ұлғайту жағына біржақты тәртіпте өзгертуге. 4. ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ 4.1. Тараптар арасында Негізгі борышты қайтару және Қарызды пайдаланғаны үшін Сыйақыны төлеу бойынша есеп айырысулар Төлем кестесіне сәйкес мерзімде және мөлшерде жүргізіледі. 4.2. Қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты Шартта көзделген комиссияны және өзге төлемдерді Банкке төлеу банктік шотты тікелей дебеттеу арқылы немесе Қарыз алушының Банк кассасы арқылы қолма-қол төлем жасау жолымен Банктің Шоттан ақшаны алуы жолымен жүзеге асырылады. 4.3. Қарыз алу күні Қарыз сомасының Серіктестің Шотына түскен күні болып	принимается при условии снижения среднемесячного дохода Заемщика, рассчитанного за два месяца, предшествующие месяцу обращения Заемщика с заявлением, более чем на тридцать процентов по сравнению со среднемесячным доходом Заемщика, рассчитанным за двенадцать месяцев, предшествующих месяцу обращения Заемщика с заявлением либо назначения адресной социальной помощи. 3.3. Банк не имеет право: 3.3.1. В одностороннем порядке вводить новые виды комиссий и иные платежи в рамках настоящего Договора. 3.3.2. Взимать неустойку или иные виды штрафных санкций в случае, если дата погашения Основного долга или Вознаграждения выпадает на выходной либо праздничный день, и уплата Вознаграждения или Основного долга производится в следующий за ним рабочий день. 3.3.3. Возлагать на Заемщика обязанность страховать свою жизнь и здоровье. 3.3.4. В одностороннем порядке изменять в сторону увеличения установленные на дату заключения Договора размеры и порядок расчета комиссий и иных платежей по обслуживанию Займа. 4. ПОРЯДОК РАСЧЕТОВ 4.1. Расчеты по возврату Основного долга и уплате Вознаграждения за пользование Займом между Сторонами производятся в сроки и в размере согласно Графику платежей. 4.2. Оплата Банку комиссии и иных платежей, связанных с выдачей и обслуживанием Займа, предусмотренных в Договоре, осуществляется совершением изъятия денег Банком со Счета путем прямого дебетования банковского счета либо путем совершения Заемщиком наличной оплаты через кассу Банка. 4.3. Датой получения Займа будет являться дата поступления суммы Займа на Счет
---	--

табылады, ал Қарызды қайтару күні Қарыз алушының Шарт бойынша Банк алдындағы Берешегін өтеген күні болып табылады. 4.4. Қарызды пайдаланғаны үшін Сыйақыны есептеу Қарыз алынған күннен кейінгі күннен бастап, Қарыз алушы алған және Банкке қайтармаған Қарыз сомасына жүргізіледі. Сыйақыны есептеу кезінде жыл 360 (үш жүз алпыс) күнге тең, ай 30 (отыз) күнге тең деп есептеледі. 4.5. Негізгі борышты қайтару бойынша мерзімі өткен Берешек пайда болған жағдайда, Банк Негізгі борышты өтеу кешіктірілген әрбір күн үшін мерзімі өткен Негізгі борышқа осы Шартта белгіленген мөлшерде Сыйақы (пайыз) есептейді. Есептеу кезінде жыл 360 (үш жүз алпыс) күнге тең, ай 30 (отыз) күнге тең деп есептеледі. 4.6. Қарыз сомасын қайтару және/немесе ол бойынша Сыйақы төлеу бойынша мерзімі өткен Берешек пайда болған кезде өсімпұл мерзімі өткен Берешек сомасына есептеледі. 4.7. Осы арқылы Тараптар Қарыз алушының Банкке Өтініште көрсетілген комиссияларды және өзге төлемдерді төлеуге міндеттенетінін растайды. 4.8. Егер Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу күні демалыс немесе мереке күніне түссе, онда ол ағымдағы немесе одан кейінгі айдың күні болатынына қарамастан, одан кейінгі операциялық күнге ауыстырылады. 4.9. Қарыз алушы Банктің пайдасына төленетін барлық төлемдерді Банк өзіне тиесілі ақша сомасын одан кейін салықтар, алымдар, баждар, комиссиялар және өзге ұстап қалулар мен төлемдер шегерілмей, толық көлемде алатындай етіп жүзеге асыруға тиіс. 4.10. Шарт жасалған кезде Банк Қарыз алушының таңдауына Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіпке сәйкес Қарыз бойынша ЖТСМ есептеу кезінде	Партнера, а датой возврата Займа будет являться дата погашения Задолженности Заемщиком по Договору перед Банком. 4.4. Начисление Вознаграждения за пользование Займом производится со дня, следующего за днем получения Займа на сумму Займа, полученного Заемщиком и не оплаченную им Банку. При расчете Вознаграждения год считается равным 360 (триста шестьдесят) дням, месяц считается равным 30 (тридцать) дням. 4.5. При образовании просроченной Задолженности по возврату Основного долга Займа за каждый день просрочки погашения Основного долга Банк начисляет Вознаграждение (проценты) в размере установленным настоящим Договором на просроченный Основной долг при расчете год считается равным 360 (триста шестьдесят) дням, месяц считается равным 30 (тридцать) дням за каждый день просрочки. 4.6. При образовании просроченной Задолженности по возврату суммы Займа и/или уплате Вознаграждения по нему, начисление пени производится на сумму просроченной Задолженности. 4.7. Стороны настоящим подтверждают, что Заёмщик обязуется оплачивать Банку комиссии и иные платежи, указанные в Заявлении. 4.8. Если окончательная дата расчета по Договору выпадает на выходной либо праздничный день, то она переносится на следующий за ним операционный день вне зависимости от того будет ли этот день текущего либо следующего за ним месяца. 4.9. Все платежи в пользу Банка должны быть осуществлены Заемщиком таким образом, чтобы Банк получил причитающуюся ему сумму денег в полном объеме, без вычета из нее впоследствии налогов, сборов, пошлин, комиссий и иных удержаний и платежей. 4.10. При заключении Договора Банк предоставил Заемщику для выбора условия кредитования, при которых не предусмотрено взимание комиссий и иных платежей, учитываемых при расчете ГЭСВ
---	---

ескерілетін комиссиялар мен өзге төлемдерді алу көзделмеген кредит беру талаптарын, сондай-ақ Банктің сыйақы мөлшерлемесінен басқа, Қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты және осы Шартта көзделген комиссияларды және өзге төлемдерді алу құқығын көздейтін кредит беру талаптарын ұсынды. Қарыз алушы ЖТСМ есептеу кезінде ескерілетін комиссиялар мен өзге төлемдерді алу көзделген кредит беру талаптарын таңдады.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

5.1. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапкершілік алады. Бұл ретте, Қарыз алушының Шарт бойынша орындау мерзімі бар міндеттемелерін бұзғаны үшін тиісті бұзушылық (міндеттеме) жойылған (орындалған) күнді қоспағанда, тұрақсыздық айыбы мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін есептеледі.

5.2. Қарыз алушы өзінің отбасылық жағдайы туралы дұрыс емес ақпарат берген жағдайда, Банк Қарыз алушының Қарыз бойынша өтелмеген Берешек мөлшерінде айыппұл төлеуін талап етуге құқылы.

5.3. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерінің кез келгенін бұзған жағдайда, Банк Қарыз алушыдан міндеттеме бұзушылықтың әр жағдайы бойынша төмендегілерді төлеуін талап етуге құқылы:

5.3.1. егер бұзылған міндеттеменің орындалу мерзімі болмаса – Қарыз сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшеріндегі айыппұлды;

5.3.2. егер бұзылған міндеттеменің орындалу мерзімі бар болса – міндеттемені бұзған әрбір күнтізбелік күн үшін Қарыз сомасынан 0,01 % (нөл бүтін жүзден бір пайыз) мөлшерінде өсімпұл, сондай-ақ Қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзуына байланысты Банк көтерген барлық залалдарды өтеуді.

по Займу в соответствии с порядком, установленным нормативным правовым актом Уполномоченного органа, а также условия кредитования, предусматривающие право Банка взимать помимо ставки Вознаграждения, комиссии и иные платежи, связанные с выдачей и обслуживанием Займа и предусмотренные настоящим Договором. Заемщик выбрал условия кредитования, при которых предусмотрено взимание комиссий и иных платежей, учитываемых при расчете ГЭСВ.

5. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН

5.1. За нарушение своих обязательств по Договору Стороны несут ответственность в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан и Договором. При этом, за нарушение Заемщиком обязательств по Договору, имеющих срок исполнения, неустойка начисляется за каждый календарный день просрочки, исключая день устранения (исполнения) соответствующего нарушения (обязательства).

5.2. В случае предоставления Заемщиком недостоверной информации о его семейном положении, Банк вправе требовать оплаты Заемщиком штрафа в размере непогашенной Задолженности по Займу.

5.3. В случае нарушения Заемщиком любого из своих обязательств по Договору, Банк вправе требовать от Заемщика по каждому случаю такого нарушения оплаты:

5.3.1. если нарушенное обязательство не имеет срока исполнения - штрафа в размере 0,1 % (ноль целых одна десятая процентов) от суммы Займа;

5.3.2. если нарушенное обязательство имеет срок исполнения - пени в размере 0,01 % (ноль целых одна сотая процентов) от суммы Займа за каждый календарный день нарушения обязательства, а также возмещения всех убытков, понесенных Банком в связи с нарушением Заемщиком своих обязательств по Договору.

Шарттың осы тармағының ережелері Шарттың өзге тармақтарында/талаптарында жауапкершілік көзделген міндеттемелерді бұзу жағдайларына қолданылмайды. 5.4. Банк тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды, айыппұлды) есептеуді және салуды тек өз қалауы бойынша жүзеге асырады, бұл ретте өсімпұлды және/немесе айыппұлды есептеу Банктің міндеті болып табылмайды және Банк Қарыз алушыға оны төлеу туралы талап қойған кезде Қарыз алушы оны төлеуге тиіс. Қарыз алушы барлық тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды, айыппұлды) және/немесе залалды Банктің талабын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде төлеуге тиіс. 5.5. Міндеттемелерді орындамаған және/немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (өсімпұлды, айыппұлдарды) төлеу және/немесе залалдарды өтеу Қарыз алушыны Шарт талаптарын тиісінше орындаудан босатпайды. 5.6. Қарызды мерзімінен бұрын қайтару және сыйақыны төлеу, комиссияларды, сондай-ақ Шартта көзделген өзге төлемдерді орындау мерзімі Қарыз алушы Банктен Қарызды мерзімінен бұрын қайтару туралы талапты алған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн өткеннен кейін басталған болып есептеледі. 6. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ 6.1. Осы Шарттың Тараптары осы Шарттың жасалуы мен оның талаптары туралы ақпарат, сондай-ақ осы Шартты жасау және орындау барысында алған қаржылық, коммерциялық және өзге ақпарат құпия ақпарат болып табылатындығына келісті. 6.2. Қарыз алушы осы Шартты жасай отырып, Банкке осы Шарт бойынша Қарыз алушының кез келген мерзімі өткен төлемі туындаған кезде кез келген үшінші тұлғаға Қарыз алушы туралы келесі мәліметтерді беруге құқық (келісім) береді:	Правила настоящего пункта Договора не распространяются на случаи нарушения обязательств, ответственность за которые предусмотрена иными пунктами/условиями Договора. 5.4. Начисление и предъявление неустойки (пени, штрафы) реализуются Банком исключительно по своему усмотрению, при этом начисление пени и/или штрафа не является обязанностью Банка и подлежат к оплате Заемщиком при предъявлении Банком к Заемщику требования о ее оплате. Все неустойки (пени, штрафы) и/или убытки подлежат оплате Заемщиком в течение 5 (пяти) рабочих дней с даты получения требования Банка. 5.5. Оплата неустойки (пени, штрафов) и/или возмещение убытков в случае неисполнения и/или ненадлежащего исполнения обязательств не освобождают Заемщика от надлежащего исполнения условий Договора. 5.6. Срок досрочного возврата Займа и уплаты Вознаграждения, комиссий, а также иных платежей, предусмотренных в Договоре, считается наступившим по истечении 10 (десяти) календарных дней с момента получения Заемщиком от Банка требования о досрочном возврате Займа. 6. КОНФИДЕНЦИАЛЬНОСТЬ 6.1. Стороны настоящего Договора согласились, что информация о существовании и условиях настоящего Договора, а также финансовая, коммерческая и прочая информация, полученная ими в ходе заключения и исполнения настоящего Договора, является конфиденциальной информацией. 6.2. Заемщик, заключая настоящий Договор, дает Банку право (согласие) при возникновении любого просроченного платежа Заемщика по настоящему Договору, предоставить любому третьему лицу следующие сведения о Заемщике:
---	---

6.2.1. Банкте бар Қарыз алушы туралы кез келген ақпаратты; 6.2.2. Қарыз алушының банктік құпиясын; 6.2.3. осы Шарт бойынша Банкке оның Берешегінің сомасын. 6.3. Бір Тараптың құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беруі, жариялауы немесе оны өзге жолмен ашуы екінші Тараптың жазбаша келісімін алғаннан кейін ғана, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе осы Шартта тікелей көзделген жағдайларда ғана мүмкін болады. 6.4. Тараптардың кез келгені осы Шарттың талаптарын бұза отырып, екінші Тараптың құпия ақпаратын жария еткен немесе таратқан жағдайда, кінәлі Тарап осындай ақпаратты жария ету салдарынан екінші Тарап шеккен залалдарды өтей отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік алады. 6.5. Осы бапта көзделген құпиялылық туралы ережелер келесі жағдайларға қолданылмайды: 6.5.1. Кредиттік бюролардың деректер базасына Қарыз алушы және жасалатын мәміле (қарыз операциясы) туралы мәліметтерді, сондай-ақ Тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты ұсыну; 6.5.2. осы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді басқаға беру (талапты беру және борышты аудару); 6.5.3. Қарыз алушының осы Шарт бойынша Берешек сомаларын Қарыз алушының шоттарын тікелей дебеттеу жолымен Банктің алуы (және осыған байланысты Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі басқа банктеріне қажетті ақпарат беру); 6.5.4. Банк Қарыз алушы мәмілелер жасайтын Шарттың жекелеген талаптары туралы үшінші тұлғаларға ақпарат беретін кезде; 6.5.5. Банк Берешекті сотта өндіріп алу және/немесе Банктің мүдделерін білдіру бойынша қызметтер көрсететін үшінші тұлғаларға (оның ішінде коллекторлық,	6.2.1. любую информацию о Заемщике, имеющуюся у Банка; 6.2.2. банковскую тайну Заёмщика; 6.2.3. сумму его Задолженности Банку по настоящему Договору. 6.3. Передача конфиденциальной информации третьим лицам, опубликование или иное ее разглашение одной Стороной возможны только после получения письменного согласия другой Стороны, а также в случаях, прямо предусмотренных законодательством Республики Казахстан и/или настоящим Договором. 6.4. В случае разглашения либо распространения любой из Сторон конфиденциальной информации другой Стороны в нарушение требований настоящего Договора, виновная Сторона будет нести ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан с возмещением убытков, понесенных другой Стороной вследствие разглашения такой информации. 6.5. Положения о конфиденциальности, предусмотренные настоящей статьей, не распространяются на случаи: 6.5.1. предоставления сведений о Заемщике и заключаемой сделке (заемной операции) в базу данных кредитных бюро, а также информации, связанной с исполнением Сторонами своих обязательств; 6.5.2. уступки прав и обязанностей (уступка требования и перевод долга) по настоящему Договору; 6.5.3. изъятия Банком путем прямого дебетования сумм Задолженности Заёмщика по настоящему Договору со счетов Заемщика (и предоставлением в связи с этим другим банкам второго уровня Республики Казахстан необходимой информации); 6.5.4. когда Банк информирует третьих лиц об отдельных условиях Договора, в соответствии с которым Заемщик собирается заключить сделки; 6.5.5. когда Банк предоставляет информацию о Заемщике третьим лицам (в том числе коллекторским, юридическим компаниям), оказывающим услуги по взысканию Задолженности и/или представлению интересов Банка в суде;
--	--

заң компанияларына) Қарыз алушы туралы ақпарат берген кезде; 6.5.6. Банк Қарыз алушы және осы Шарттың талаптары туралы ақпаратты Банктің үлестес тұлғаларына берген кезде. Қарыз алушы Шартты орындау барысында өзі туралы және Шарттың талаптары туралы, сондай-ақ ҚЖ/ТҚҚ («Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы) бөлігінде іс-шараларды жүргізу үшін жасалған Шарт шеңберіндегі операциялар туралы ақпарат беру талап етілуі мүмкін екенін мойындайды және келіседі; 6.5.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге жағдайлар. 6.6. Осы арқылы Қарыз алушы Банк көрсететін банктік қызметтердің тізбесі, түрлері мен шарттары, Банк алдындағы міндеттемелерінің орындалуы/тиісінше орындалмауы туралы SMS-хабарламаларды және/немесе электрондық пошта арқылы хабарламаларды Банкке берілген байланыс деректері арқылы алуға Банкке келісім береді. 6.7. Қарыз алушының немесе Банктің үшінші тұлғалар туралы Тараптарда бар, осындай тұлғалардың дербес деректері болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты кез келген түрде беруі ақпарат беруші Тараптың осындай ақпаратты (өңдеуге, соның ішінде тиісті мақсаттар үшін пайдалануға) беруге осындай үшінші тұлғалардан тиісті келісімдерді алғаннан кейін және осындай келісімдерде айқындалған көлемде ғана жүргізіледі. Банктің Қарыз алушыға қатысты кез келген көздерден алған, өңдеу үшін Банкке мерзімсіз уақыт берілетін теріс ақпаратын қоспағанда, осы келісім Қарыз алушының Банк алдындағы шарттық және	6.5.6. когда Банк предоставляет информацию о Заемщике и условиях настоящего Договора аффилированным лицам Банка. Заемщик признает и соглашается, что в процессе исполнения Договора может потребоваться предоставление информации о нем и условиях Договора, а также об операциях в рамках заключенного Договора, для проведения мероприятий в части ПОД/ФТ (Закон Республики Казахстан «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, финансированию терроризма и финансированию распространения оружия массового уничтожения»); 6.5.7. иные случаи, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и настоящим Договором. 6.6. Заёмщик настоящим дает согласие Банку на получение от него SMS-сообщений и/или сообщений по электронной почте о/об перечне, видах и условиях банковских услуг, оказываемых Банком, исполнении/ненадлежащем исполнении своих обязательств перед Банком по контактному данным, предоставленным в Банк. 6.7. Любая передача Заемщиком или Банком информации о третьих лицах, которой обладают Стороны, являющейся персональными данными таких лиц, составляющей охраняемую в соответствии с законодательством Республики Казахстан тайну, производится только после получения передающей Стороной соответствующих согласий о представлении такой информации (на обработку, в том числе использование для соответствующих целей) от таких третьих лиц и в определенном такими соглашениями объеме. Настоящее согласие действует до момента полного исполнения Заемщиком всего объема договорных и иных обязательств перед Банком, за исключением негативной информации, полученной Банком в отношении Заемщика из любых источников
---	---

өзге міндеттемелердің барлығын толық орындаған сәтіне дейін қолданылады. 6.8. Қарыз алушы сәйкестендіру құралдарының құпиялылығын сақтауға міндетті және Банк осындай құпиялылықты қамтамасыз етпеу салдары үшін жауапты болмайтынымен келіседі. 6.9. Тараптар, Қарыз алушы осы Шартта көзделген міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Банк Шартта көзделген әрекеттерді орындауға ықпал ететін өзгерістер туралы ақпарат болмаған кезде жасалған әрекеттер (әрекетсіздіктер) үшін жауапкершілік алмайды, сондай-ақ осындай пайдалану Қарыз алушының кінәсінен мүмкін болса, үшінші тұлғалардың сәйкестендіру құралдарын рұқсатсыз пайдалануы салдарынан туындаған залал үшін жауапты болмайды. Бұл жағдайда Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін орындамауының қолайсыз салдары үшін барлық жауапкершілікті Қарыз алушы көтереді. 7. ШАРТТЫҢ ТАЛАПТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ 7.1. Осы Шартқа енгізілетін барлық өзгерістер және/немесе толықтырулар және/немесе қосымшалар жазбаша нысанда ресімделген және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда күшіне енеді. Осы тармақта белгіленген ереже Банктің Шартта белгіленген құқықтарын іске асырған жағдайларына, сондай-ақ Қарыз алушының Қарыз бойынша міндеттемелерін мерзімінен бұрын өтеу тәртібіне қолданылмайды. 7.2. Банк тарапынан біржақты соттан тыс тәртіппен Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін жақсарту жағына енгізілетін өзгерістер/толықтырулар Қарыз Алушы Банктің тиісті хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн өткен соң және Қарыз алушы Шартта көзделген тәртіпте Банк ұсынған жақсарту талаптарынан бас тартпаған жағдайда күшіне енеді.	– для обработки Банку которой предоставляется бессрочный срок. 6.8. Заемщик обязан соблюдать конфиденциальность идентификационных средств и согласен с тем, что Банк не несет ответственность за последствия необеспечения такой конфиденциальности. 6.9. В случае неисполнения Заемщиком обязательств, предусмотренных настоящим Договором, Стороны соглашаются с тем, что Банк не несет ответственности за действия (бездействия), совершенные при отсутствии у него информации о произошедших изменениях, влияющих на проведение действий, предусмотренных Договором, а также за ущерб, возникший вследствие несанкционированного использования третьими лицами идентификационных средств, если такое использование стало возможным по вине Заемщика. В данном случае, всю ответственность за неблагоприятные последствия неисполнения своих обязательств Заемщиком по Договору, несет Заемщик. 7. ПОРЯДОК ВНЕСЕНИЯ ИЗМЕНЕНИЙ В УСЛОВИЯ ДОГОВОРА 7.1. Все изменения и/или дополнения и/или приложения к настоящему Договору имеют силу в том случае, если они оформлены в письменной форме и подписаны уполномоченными представителями Сторон. Правило, установленное настоящим пунктом, не распространяется на случаи реализации Банком своих прав, установленных Договором, а также на порядок досрочного погашения Заемщиком своих обязательств по Займу. 7.2. Вносимые Банком в одностороннем внесудебном порядке изменения/дополнения, улучшающие условия Договора для Заемщика, вступают в силу по истечении 14 (четырнадцати) календарных дней с даты получения Заемщиком соответствующего уведомления Банка и при условии, что Заемщик не отказался от предложенных Банком улучшающих условий в порядке, предусмотренном Договором.
--	--

7.3. Қарыз алушы ай сайынғы төлемді ұлғайтусыз және/немесе Қарыз алушының бастамасы бойынша өтініш бойынша жасалған төлем күнін өзгертпей мерзімін қысқарта отырып, Берешекті ішінара мерзімінен бұрын өтеген жағдайда Банк Қарыз алушыға Банк бөлімшесінде немесе оны жеке кабинетте орналастыру жолымен (Банктің таңдауы бойынша) жаңа өтеу кестесін жасайды және береді деп келіседі. Бұл ретте Тараптар, ай сайынғы төлемді ұлғайтусыз және/немесе Қарыз алушының бастамасы бойынша төлем күнін өзгертпей мерзімін қысқарта отырып, Берешек ішінара мерзімінен бұрын өтелген жағдайда Шартқа қосымша келісім жасалмайтынына келіседі. Кейінгі күнмен белгіленген Өтеу кестесі төлемдер үшін негіз болып табылады, жаңа өзекті Өтеу кестесі берілген сәттен бастап күшін жоғалтатын бұрынғы Өтеу кестесінің орнына қолданылады.

7.4. келесі жолмен:

- Қарыз алушының ұялы байланыс телефонының нөмірі бойынша немесе Жеке кабинетінде Банк жіберген кодты енгізу арқылы;
- Жеке кабинетте электрондық және өзге хабарламалар мен құжаттармен алмасу арқылы;
- Қарыз алушының ұялы байланыс телефон нөмірі бойынша хабар алмасу (SMS) арқылы;
- Тараптарды және олардың ерік білдіруінің мазмұнын айқындайтын өзге тәсілдер мен құжаттар арқылы енгізілетін Шартқа өзгерістер (біржақты тәртіппен өзгертілмейтін), Қарыз алушы Банкке берген Қарыз алушы туралы өзге мәліметтердің сауалнамалық деректерінің, ұялы байланыс телефонының нөмірінің өзгеруі Тараптардың келісімі бойынша жазбаша нысанда мәміле жасауына теңестіріледі. Қарыз алушы туралы жоғарыда көрсетілген тәсілмен өзгертілген мәліметтерді Банк Тараптар арасында жасалған кез келген өзге шарттарға қолданады.

7.3. Заемщик соглашается, что в случае частичного досрочного погашения Задолженности, в том числе с сокращением срока без увеличения ежемесячного платежа и/или изменения даты платежа, совершенного по заявлению по инициативе Заемщика, Банк составляет и выдает Заемщику новый График погашения в отделении Банка или путем их размещения в Личном кабинете (по выбору Банка). При этом Стороны соглашаются, что в случае частичного досрочного погашения Задолженности, в том числе с сокращением срока без увеличения ежемесячного платежа и/или изменению даты платежа по инициативе Заемщика дополнительное соглашение к Договору не заключается. График погашения, датированный более поздним числом, является основанием для платежей, заменяет прежний График погашения, который утрачивает силу с момента предоставления нового актуального Графика погашения.

7.4. Изменения к Договору (которые не изменяются в одностороннем порядке), изменение анкетных данных, номера телефона сотовой связи Заемщика иных сведений о Заемщике, предоставленных Банку, совершенные путем:

- ввода Заемщиком кода, направленного Банком по номеру телефона сотовой связи Заемщика или в Личном кабинете;
- обмена электронными и иными сообщениями и документами в Личном кабинете;
- обмена сообщениями (SMS) по номеру телефона сотовой связи Заемщика;
- иными способами и документами, определяющими Стороны и содержание их волеизъявления, приравниваются к совершению сделки в письменной форме по соглашению Сторон. Измененные вышеуказанным способом сведения о Заемщике применяются Банком к любым иным договорам, заключенным между Сторонами.

8. ХАБАРЛАМАЛАР

8.1. Шартта белгіленген талаптар шеңберіндегі барлық хабарламалар, талаптар және өзге құжаттар олар адресатқа тапсырылған (тапсырылғаны туралы белгісі бар) немесе Өтініште көрсетілген тұрғылықты жері бойынша пошта арқылы, тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілген жағдайда, соның ішінде егер оны көрсетілген мекенжай бойынша тұратын Қарыз алушының кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алса; Өтініште көрсетілген электрондық мекенжайға – немесе SMS хабарламалар жолдау, немесе жеке кабинет арқылы хабарлама жолдау немесе БАҚ арқылы хабарлау арқылы берілген жағдайда тиісті түрде жіберілген және Тараптар алған болып саналады.

Хабарлама адресатқа, алушыға тапсыру мүмкін еместігі туралы белгісі бар немесе оны қабылдаудан бас тартуға, сондай-ақ осы Шартта көрсетілген өзге байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғаны расталмауына байланысты қайтарылған жағдайда хабарлама тиісінше жіберілген болып есептеледі.

8.2. Қарыз алушы өзінің Жеке кабинеті арқылы ақпарат алуы Банктің уәкілетті тұлғаларының қолтаңбаларымен расталған және Банктің мөрімен бекітілген қағаз тасымалдағыштағы тиісті құжаттарды алғанымен тең болатынына келіседі.

8.3. Қарыз алушының Шартта көрсетілген мекенжайы, электрондық поштасы, ұялы байланыс телефон нөмірі өзгергені туралы хабарлама болмаған кезде, Шарт талаптары шеңберіндегі барлық хабарламалар, талаптар және өзге құжаттар Қарыз алушының Банкке белгілі электрондық поштасына немесе ұялы байланыс телефон нөміріне (SMS-хабарлама жіберілген жағдайда) жіберіледі, Қарыз алушы осы мекенжайда тұрмаса немесе электрондық пошта мекенжайы/ұялы телефон нөмірі өзгертілген болса да, жеткізілген болып саналады.

8. УВЕДОМЛЕНИЯ

8.1. Все уведомления, требования и иные документы в рамках условий, установленных Договором, считаются направленными надлежащим образом и полученными Сторонами при условии их вручения адресату (с отметкой о вручении) либо направления по почте – по месту жительства, указанному в Заявлении, заказным письмом с уведомлением о его вручении, в том числе если оно будет получено одним из совершеннолетних членов семьи Заемщика, проживающим по указанному адресу; на электронный адрес, указанный в Заявлении - либо направления SMS сообщений, либо направления уведомления посредством Личного кабинета, либо информирования через СМИ.

В случае возврата уведомления с отметкой о невозможности его вручения адресату, получателю, либо в связи с отказом в его принятии, а также не подтверждением его принятия при использовании иного средства связи, указанного в настоящем Договоре, уведомление считается направленным надлежащим образом.

8.2. Заемщик соглашается, что получение им информации в Личном кабинете будет равнозначно получению соответствующих документов на бумаге, заверенных подписями уполномоченных лиц Банка и скрепленными печатью Банка.

8.3. При отсутствии сообщения об изменении адреса, электронной почты, номера телефона сотовой связи Заемщика, указанного в Договоре, все уведомления, требования и иные документы в рамках условий Договора направляются по последнему известному Банку адресу Заемщика, электронной почты или номеру телефона сотовой связи (в случае направления SMS-сообщения), и считаются доставленными, даже если Заемщик по этому адресу больше не проживает или адрес электронной почты/номер телефона сотовой связи был изменен.

8.4. Шарт бойынша мерзімі өткен берешегі бар Қарыз алушы Банктің Қарыз алушымен (оның өкілімен, Банкпен Шарт шеңберіндегі міндеттемелермен байланысты үшінші тұлғамен) өзара іс-қимылы мына тәртіпте жүзеге асырылатынына келіседі: 1) жұмыс күндері сағат 8.00-ден 21.00-ге дейінгі уақытта тұрғылықты жері немесе орналасқан жері, тіркелген жері бойынша немесе Банктің (филиалдың) үй-жайында аптасына жиырма бес реттен артық емес және жұмыс күні бес реттен артық емес; 2) жұмыс күндері сағат 8.00-ден 21.00-ге дейінгі кезеңде үш реттен артық емес және тұрғылықты жері немесе орналасқан жері, тіркелген жері бойынша немесе банктің (филиалдың) үй-жайында демалыс және мереке күндері сағат 9.00-ден 19.00-ге дейінгі кезеңде екі реттен артық емес, телефон арқылы сөйлесу.

9. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР

9.1. Тараптар осы Шарт бойынша туындауы мүмкін немесе оған қатысы бар барлық даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешуге тырысады.

9.2. Тараптардың кез келгені екінші Тарапқа шағым жіберілген сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде шағым алған Тарап қарауы тиіс шағымды жіберуге құқылы, егер шағымның өзінде және/немесе Шартта көрсетілмесе және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында өзге мерзім белгіленбесе.

9.3. Осы Шартта көзделген талаптармен қатар, оларды орындау кезінде Тараптар осы Шартта реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

9.4. Тараптар келіссөздер жүргізу жолымен реттелмеген мәселелер бойынша даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Банктің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша сотта (тек

8.4. Заемщик, имеющий просроченную Задолженность по Договору, соглашается, что взаимодействие Банка с Заемщиком (его представителем, третьим лицом, связанным обязательствами с Банком в рамках Договора) осуществляется: 1) в период с 8.00 до 21.00 часов в будние дни по месту жительства либо месту нахождения, либо месту регистрации, либо в помещении банка (филиала), не более двадцати пяти раз в неделю и не более пяти раз в будний день; 2) не более трех раз в период с 8.00 до 21.00 часов в будние дни и не более двух раз в период с 9:00 до 19:00 в выходные и праздничные дни по месту жительства либо месту нахождения, либо месту регистрации, либо в помещении банка (филиала), посредством телефонных переговоров.

9. ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЕ УСЛОВИЯ

9.1. По всем спорам и разногласиям, которые могут возникнуть по настоящему Договору или имеющим к нему отношение, Стороны предпримут попытки разрешить их путем переговоров.

9.2. Любая из Сторон вправе направить другой Стороне претензию, которая должна быть рассмотрена Стороной, получившей претензию, в течение 10 (десять) календарных дней с момента отправки претензии, если иной срок не указан в самой претензии и/или в Договоре и/или не установлен действующим законодательством Республики Казахстан.

9.3. Наряду с условиями, предусмотренными настоящим Договором, при его исполнении Стороны руководствуются законодательством Республики Казахстан, в части, неурегулированной настоящим Договором.

9.4. Споры по вопросам, не урегулированным Сторонами путем переговоров, разрешаются в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, в суде по месту нахождения Банка или его филиала

Банктің қалауы бойынша) шешіледі (шарттық соттылығы). 9.5. Банктің алдын ала жазбаша келісімін алусыз Қарыз алушының осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тарапқа беруге құқығы жоқ. 9.6. Осы Шарт бойынша Тараптың құқықтық мирасқоры тиісінше осы Шарт бойынша Тарапқа жүктелген құқықтар мен міндеттерді, соның ішінде Қарыз бойынша талап ету құқықтары және ықтимал даулар мен келіспеушіліктерді реттеуге байланысты міндеттерді өзіне қабылдайды. 9.7. Шартқа қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығы болып табылады. 9.8. Банк Шарт бойынша құқықты (талаптарды) үшінші тұлғаға берген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында Банктің Қарыз алушымен Шарт шеңберіндегі өзара қарым-қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз алушының құқық (талап) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылады. 9.9. Осы Шарттың 3.1.9-тармағында көзделген жағдайларда Банктің құқықтары (талаптары) сақтандыру ұйымына ауысқан кезде Банктің Қарыз алушымен Шарт шеңберіндегі өзара қарым-қатынастарына Қазақстан Республикасының заңнамасында қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз алушының құқығы (талап) өткен сақтандыру ұйымымен құқықтық қатынастарына қолданылады. 9.10. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленді. Осы Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі редакциялары арасында алшақтықтар болған жағдайда – Тараптар осы Шарттың қазақ тілінде жасалған редакциясын Шарттың орыс тіліндегі редакциясына сүйене отырып түсіндіреді.	(исключительно по усмотрению Банка) (договорная подсудность). 9.5. Заемщик не вправе передавать свои права и обязанности по настоящему Договору третьей стороне без предварительного письменного согласия Банка. 9.6. Правопреемник стороны по настоящему Договору соответственно принимает на себя права и обязанности, возложенные на Сторону настоящим Договором, в том числе, права требования по Займу и обязанности, связанные с урегулированием возможных споров и разногласий. 9.7. Правом, применимым к Договору является действующее право Республики Казахстан. 9.8. При уступке Банком права (требования) по Договору третьему лицу требования и ограничения, предъявляемые законодательством Республики Казахстан к взаимоотношениям Банка с Заемщиком в рамках Договора, распространяются на правоотношения Заемщика с третьим лицом, которому уступлено право (требование). 9.9. При переходе прав (требований) Банка к страховой организации, в случаях, предусмотренных п.3.1.9 настоящего Договора, требования и ограничения, предъявляемые законодательством Республики Казахстан к взаимоотношениям Банка с Заемщиком в рамках Договора, распространяются на правоотношения Заемщика со страховой организацией, к которой перешло право (требование). 9.10. Договор составлен на государственном и русском языках. В случае расхождений между редакциями настоящего Договора на государственном и русском языках – редакция настоящего Договора, составленная на казахском языке, истолковывается Сторонами исходя из редакции Договора на русском языке.
--	--

**«Тауарлық кредит/Бөліп төлеу»
Банктік қарыз шартына
№1 қосымша**

**ТЕРМИНДЕР МЕН
ҚЫСҚАРТУЛАР:**

Сыйақы – Қарыз алушы Банкке ақшаны (қарызды) пайдаланған әрбір күн үшін Шартта/Өтеу кестесінде айқындалған мөлшерде Негізгі борышқа, соның ішінде мерзімі өткен Негізгі борышқа пайыздық мәнде төлейтін төлем.

Өтеу кестесі – Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, Қарыз бойынша Негізгі борышты және Сыйақыны өтеу бойынша Қарыз алушының төлемдерінің кезеңділігі мен мөлшерін қамтитын құжат.

Берешек – Қарыз алушы төлеуі тиіс Шартта көзделген Негізгі борыштан, есептелген, бірақ төленбеген Сыйақыдан, комиссиялардан, айыппұлдардан, өсімпұлдардан және өзге төлемдерден тұратын сомалар (ақшалай міндеттемелер).

Қарыз – Банк Қарыз алушыға Шарт бойынша ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық талаптарында берген ақша.

Қарыз алушы – Шарт негізінде Қарыз алған және оны қайтару, Сыйақы және өзге төлемдер (бар болса) бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдаған Өтініш беруші.

Өтініш беруші – Өтініш берген жеке тұлға.

Жеке кабинет – Қарыз алушыға Банк айқындаған банктік қызметтерді және өзге мақсаттарды ұсынуға арналған, Қарыз алушының <https://freedombank.kz/> сайтында авторизациялануы арқылы қол жеткізу рұқсатын алатын, Интернет желісінде <https://freedombank.kz/> мекенжайы бойынша орналастырылған парақша.

Ақпараттандыру нысандары – электрондық ақпараттық ресурстар, бағдарламалық жасақтама, интернет-ресурс және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым.

**Приложение №1
к Договору банковского займа
«Товарный кредит/Рассрочка»**

ТЕРМИНЫ И СОКРАЩЕНИЯ:

Вознаграждение – плата, выплачиваемая Заемщиком Банку, за каждый день пользования деньгами (займом) в размере, определенном в Договоре/Графике погашения, в процентном выражении к Основному долгу, в том числе просроченному Основному долгу.

График погашения – документ, содержащий периодичность и размеры выплат Заемщика по погашению Основного долга и Вознаграждения по Займу, который является неотъемлемой частью Договора.

Задолженность – суммы (денежные обязательства) состоящие из Основного долга, начисленное, но не уплаченное Вознаграждение, комиссии, штрафы, пени и иные платежи, предусмотренные Договором, подлежащие уплате Заемщиком.

Заем – деньги, предоставленные Банком Заемщику на условиях платности, срочности и возвратности по Договору.

Заемщик – Заявитель, получивший Заем и принимающий на себя обязательства по его возврату, выплате Вознаграждения и иных платежей (при наличии) на основании Договора.

Заявитель – физическое лицо, подавшее Заявление.

Личный кабинет – страница в сети Интернет по адресу <https://freedombank.kz/>, доступ к которой осуществляется посредством авторизации Заемщика на сайте <https://freedombank.kz/>, предназначенный для предоставления Заемщику определенных Банком банковских услуг и иных целей.

Объекты информатизации - электронные информационные ресурсы, программное обеспечение, интернет-ресурс и информационно-коммуникационная инфраструктура.

Негізгі борыш – Шарт шеңберінде берілген Қарыз сомасы. Серіктес – Банк ынтымақтастық туралы келісім жасасқан жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға, бұл келісім шеңберінде Банк тарапынан Серіктестің сатып алушыларына оның тауарлары мен қызметтерін сатып алу үшін кредиттік өнімдерді ұсынылады. Шот – текущий счет Заемщика, открытый в Банке, реквизиты которого указаны в Заявлении. Тауар – Серіктес іске асыратын тауарлар/жұмыстар/қызметтер. Уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және/немесе Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.	Основной долг – сумма Займа, выданного в рамках Договора. Партнер – индивидуальный предприниматель или юридическое лицо, резиденты РК, с которым у Банка заключено соглашение о сотрудничестве, в рамках которого Банк предоставляет кредитные продукты покупателям Партнера для приобретения его товаров и услуг. Счет – текущий счет Заемщика, открытый в Банке, реквизиты которого указаны в Заявлении. Товар – товары/работы/услуги, реализуемые Партнером. Уполномоченный орган - Национальный Банк Республики Казахстан и/или Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка.
---	---